ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 5 қыркүйек №5165-24-00-2/2245 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойыншаазаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түлкібас ауданы әкімдігінің Кемербастау ауылдық округ әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Koitas» Алейбек Нағымгүл.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түлкібас ауданы әкімдігінің Кемербастау ауылдық округ әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Koitas» Алейбек Нағымгүл мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Жеке кәсіпкер «Koitas» Алейбек Нағымгүлден мемлекеттің пайдасына 3 038,53 (үш мың отыз сегіз теңге елу үші тиын) тенге мен 1 937 (бір мың тоғыз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 09.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.10.2024, судья Рүстем Б. М., 23.10.2024
5165-24-3-1/2271

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 09.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2024, судья Рүстем Б. М., 23.10.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5165-24-3-1/2271